

ОҢАЛТУ ЖӘНЕ БАНКРОТТЫҚ РӘСІМІНДЕГІ БОРЫШКЕРДІҢ МӘМІЛЕЛЕРІН ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНУ НЕГІЗДЕРІ

*Копжасарова С.И., заң факультетінің PhD докторанты, Е.А. Бөкетов атындағы
ҚарУ*

Банкроттық рәсімінің негізгі міндеті борышкердің мүлкі есебінен кредиторлардың талаптарын барынша қанағаттандыру болып табылады. Алайда, борышкердің қарыздарын өтегісі келмей, өзінің иелігіндегі мүлкін таныс тұлғалардың пайдасына иеліктен шығару арқылы әртүрлі тәсілдермен несие берушілердің алдындағы қарыздарын төлеуден жалтару жағдайлары да жиі кездеседі. Банкроттық туралы заңнама негізінен борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге және барлық кредиторлардың талаптарын әділ және заңға сәйкес қанағаттандыруға бағытталған. Осы ретте банкроттық рәсіміндегі борышкердің мәмілелерін жарамсыз деп тану және мүлікті қайтару кредиторлардың және өзге де мүдделі тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тиімді құралдарының бірі болып табылады.

Мәмілелерді даулау нәтижелері несие берушінің құқықтарының болуына немесе болмауына, сондай-ақ осы құқықтардың көлеміне әсер еткенде, жарамсыз мәмілелердің құқықтық сипатын және оларды жіктеу негіздерін анықтау өте маңызды. Мәмілелерді жарамсыз деп тану негіздерін анықтаудан басқа, оларға кім және қандай негіздер бойынша шағымдана алатынын анықтау қажет. Бұл борышкердің мүлкін заңсыз иеліктен шығаруға немесе жосықсыз борышкерлердің кредиторлар алдындағы міндеттемелерін орындаудан жалтаруына байланысты жағымсыз салдарларды барынша болдырмауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында оңалту және банкроттық рәсіміндегі мәмілелерді жарамсыз деп тану жалпы негізде азаматтық құқық заңнамасына сәйкес және арнайы негізде оңалту және банкроттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Жалпы негіздер бойынша мәмілелердің жарамсыздығы Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық Кодексімен, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» 2016 жылғы 7 шілдедегі № 6 Нормативтік қаулысымен реттеледі. Арнайы негіздер Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңында қарастырылған. Аталған Заңның 7-бабының, 1-тармағына сәйкес мәмілелер, егер оларды борышкер немесе ол уәкілеттік берген тұлға Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында және осы заңда көзделген негіздер болған кезде оңалту және (немесе) банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін үш жыл ішінде жасасқан болса, жарамсыз деп танылады. 7-баптың 2-тармағында мәмілені жарамсыз деп тану негіздері қарастырылған:

1) жасалған мәміле бағасының және (немесе) өзге де жағдайлардың, салыстырмалы мән-жайларда ұқсас мәмілелер жасалатын кездегі бағадан және (немесе) өзге де жағдайлардан борышкер үшін айтарлықтай нашар жағына қарай өзгеше болуы;

2) мәміленің борышкердің Қазақстан Республикасының заңдарымен, құрылтай құжаттарымен шектелген қызметіне сәйкес келмеуі не жарғыда айқындалған құзырет бұзылып жасалуы;

3) мүліктің өтеусіз (оның ішінде уақытша пайдалануға) не салыстырмалы экономикалық жағдайлар кезінде ұқсас немесе біртекті тауар бағасынан борышкер үшін айтарлықтай нашар жағына қарай өзгеше болатын бағамен не беру үшін негіздер болмай, кредиторлардың мүдделеріне нұқсан келтіре отырып берілуі;

4) егер оңалту және (немесе) банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін алты ай ішінде жасалған мәміле белгілі бір кредиторлардың талаптарын басқаларының алдында артықшылықпен қанағаттандыруға алып келсе;

5) борышкердің мүлкін сыйға тарту шарттары, егер мұндай мәміле оңалту немесе банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін бір жыл бұрын жасалған мәмілелерден айтарлықтай өзгеше болса;

б) осындай мәміле бойынша тиісті құқықтық салдарлар туғызу ниетінсіз, кредиторлардың мүдделеріне нұқсан келтіре отырып жасалса [1].

Сонымен қатар 2015 жылғы 2 қазанында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Оңалту және банкроттық туралы заңнаманы қолдану практикасы туралы» № 5 нормативтік қаулысы қабылданған. Алайда аталған қаулыда «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының 7-бабының, 2-тармағындағы мәмілелерді жарамсыз деп тану негіздеріне бөлек тоқталмайды [2]. Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 30 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заңында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген негіздер болған кезде, егер мәмілелерді борышкер немесе ол уәкілеттік берген тұлға төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімдерін қолдану туралы іс қозғалғанға дейін үш жыл ішінде жасаса, олар жарамсыз деп танылады деп көрсетілген [3].

Ресейлік құқық доктринасында борышкердің мәмілелерін жарамсыз деп тану негіздеріне байланысты екі түрлі көзқарасты бөліп көрсетеді: субъективті және объективті.

Субъективтік тәсілде тек жосықсыз борышкер жасаған және кредиторларға зиян келтіруге бағытталған мәміле ғана жарамсыз деп танылуы мүмкін делінеді. Объективті теория, керісінше, мәмілеге қатысушылардың жосықсыз ниетін және олардың ерік-жігерінің несие берушілерге зиян келтіруге бағытталғанын дәлелдеуді талап етпейді. Объективті көзқарастың негізгі міндеті – мұндай мәмілелерді жарамсыз деп тануға мүмкіндік беретін заңда көзделген қатаң белгіленген шарттардың бар екендігін дәлелдеу [4].

Яғни, күдікті мәмілелерге қатысты объективті теория деп мәмілелерді жарамсыз деп тануға мүмкіндік беретін белгілі бір мәміле шарттарын дәлелдеу қажет болып табылатын тәсіл түсініледі. Бұл ретте даулы мәміле субъектілері кім болып табылатындығы (мүдделі тұлғалар ма немесе мүдделі емес пе), олар қандай себептер мен мақсаттарды басшылыққа алғаны маңызды емес.

Субъективті теорияға сәйкес тараптардың күдікті мәміле жасасу ниеті, борышкердің кредиторларға мүлктік зиян келтіру мақсатының болуы, борышкердің контрагентінің оның мақсаты туралы хабардар болуы тәрізді субъективті факторлар болған кезде мәмілелер жарамсыз деп танылады. Басқаша айтқанда, даулы мәмілені жосықсыз борышкер жасауы керек және мұны білетін екінші тарап осы мәміленің қандай зиянды салдарға әкелетінін де білетіндіктен, осының негізінде арам ниетті деп танылуы мүмкін [5; 192].

Мұндай мәмілелердің жарамсыздығын реттеу Рим құқығының дәуірінен бастау алады. Бастапқыда борышкердің қатаң жеке жауапкершілігін белгілеген Рим құқығы бірте-бірте дәрменсіз борышкердің жағдайын жақсартты – борышкердің жеке жауапкершілігіне шектеулер енгізілді. Осы өзгерістермен кредиторлардың құқықтарын қорғаудың әлсіреуінің орнын толтыру үшін *Actio Pauliana* деп аталатын заң енгізілді. Яғни, *Actio Pauliana* – Паулиан талабы бойынша борышкерге шығын келтіру мақсатын көздеген тараптардың мәмілелері жарамсыз деп танылуы мүмкін болды. Сонымен қатар екі тарапта да сондай ниеттің болғандығын дәлелдеу қажет болды (*consilium fraudandi*) [6; 23].

Объективті және субъективті теорияға қатысты А. Э.Циндякинаның пікірі бойынша субъективті теорияны қолдану өте күрделі іс-шара болып табылады, өйткені оны қолдану кезінде тараптардың заңсыз ниеті мен мәміле мақсаттарының соған бағытталғанын дәлелдеу қажет, оларды анықтау үшін нақты критерийлер болмаған жағдайда қиын міндет болып көрінеді. Сонымен қатар, субъективті теорияны қолданудың маңызды

артықшылығы азаматтық айналымның тұрақтылығы деп атауға болады, дегенмен бұл борышкердің несие берушілерін қорғау деңгейін әлсірету арқылы жүзеге асырылады. Объективті теория, керісінше, азаматтық айналымның тұрақтылығын құрбан ете отырып, несие берушілердің мүдделерін қорғауды бірінші орынға қояды, өйткені белгілі бір мәміленің заңда анықталған жарамсыздық белгілерінің болуын дәлелдеу әрқашан оңай [7; 167].

Екінші жағынан, объективті теорияны қолдану сот билігінен мұқияттылықты талап етеді, өйткені бұл теория кредиторлардың құқықтарын қорғайтыны сөзсіз, бірақ борышкермен мәміле жасаған адал иеленушілердің құқықтарын бұзуы мүмкін. Сонымен қатар бірқатар ғалымдар объективті көзқарасты түбегейлі әділетсіздік деп санайды. Себебі, адал алушыдан оның арзан бағаға сатып алған затын тартып алу немесе ақшалай қайтару мүмкін болмағанда ақшалай өтемін төлеуін талап ету әділетсіздік деп есептейді.

Осыған орай Ресей Федерациясының сот тәжірибесінде орын алған бір мысалға тоқталып өтетін болсақ, 2015 жылы азамат С. Кузьмин «Советский» банкінен құны он миллион рубль тұратын 273 шаршы метр пәтер сатып алған. Аталған пәтер тарихи орталықта Каменноостровский даңғылында орналасқан. Бір жылдан кейін «Советский» банкінің банкроттық ісі бойынша Кузьминнің аталған мәмілесі құнының едәуір төмендігіне байланысты дауланады. Сараптама пәтердің шын мәнінде 35 миллион рубль тұратынын көрсетті. Сот сатып алушыны банкке пәтерді қайтарып, төлеген ақшасын қайтаруды міндеттеді. Алайда Ресей Федерациясының Конституциялық соты С. Кузьминнің ісі бойынша қабылданған сот актілерін қайта қарау туралы шешім қабылдады. Мұндай мәмілені теңсіздік негізінде (Ресей Федерациясының Банкроттық туралы заңның 61.2-бабының 1-тармағы) даулаған соң, сатып алушы, егер бұл оның жалғыз баспанасы болса, осы пәтерде тұруын жалғастыра алатынын атап өтті. Пәтерді аукционда сатқаннан кейін сатып алушы да осы пәтерге төлеген ақшаны кезектен тыс алуға құқылы болды. Конституциялық сот пәтерді сатып алу-сату шартын жарамсыз деп тану кезінде борышкердің контрагентінің мүдделері мен оның кредиторларының мүдделері арасындағы теңгерімді сақтау қажеттігін атап көрсетті. Жалпы ереже бойынша, мәмілеге қарсылық білдіргеннен кейін сатып алушы пәтерді банкроттық массивіне дереу қайтаруы керек, бірақ ол ақшаны барлық кредиторлармен тең негізде ғана ала алады. Сонымен қатар, әдетте қаражат сатып алушыға кейінірек және әлдеқайда аз мөлшерде қайтарылады. Конституциялық соттың пікірінше, егер пәтер оның жалғыз баспанасы болса, мұндай жағдай сатып алушының тұрғын үйге құқығын бұзуы мүмкін. Сондықтан, Ресей Федерациясының «Банкроттық туралы» Заңның 61.2-баптың, 1-тармағының нормасы азаматты, яғни сатып алушыны жалғыз баспанасынан айыруға мүмкіндік беретін дәрежеде конституцияға қайшы келеді деп Конституциялық сот заң шығарушы мұндай сатып алушыны қорғайтын өзгерістер енгізуі керектігін көрсетті. Бұл орындалғанға дейін келесі механизмді пайдалану керек делінген. Банкроттық туралы іс бойынша мәмілеге қарсылық білдіргеннен кейін мұндай сатып алушы қайтарылған ақшаны алғанға дейін осы пәтерде тұруын жалғастыра алады. Бұл құқық пәтер аукционда сатылса да сақталады. Сонымен қатар, сатып алушы пәтерді сатудан түскен ақшаны басқа несие берушілерден басымдықпен талап етуге құқылы деп көрсеткен болатын [8].

Ал ресейлік заңгер И.Стасюк, мәмілені даулаудағы объективті көзқарастың идеясы тараптарды жосықсыз ниеті үшін жазалау емес, барлық кредиторларды тең дәрежеге қою, яғни барлығының құқықтыры мен мүдделерін тең қорғау болып табылады деп жазады. Мәселен, бағасы нарықтық бағадан айтарлықтай ауытқуы бар зат сатылған жағдайда, оның сатып алған затын контрагенттен тартып алудың қажеті жоқ, тек сатып алған тарап жетпейтін сома мөлшерінде қосымша төлем жасау керек деген пікір айтқан болатын [9].

Қ. Б. Құраев даудың ең маңызды аспектісі объективті немесе субъективті факторларды ескеру деп санайды. Осы екі тәсілдің арасындағы айырмашылықтар мәмілелерді жарамсыз деп тану ықтималдығына байланысты қарастырылады: «объективті теорияны қолдану мәмілелердің жарамсыз сипатын дәлелдеу процесін жеңілдетеді. Бұл

мәмілені жарамсыз деп тану мүмкіндігін арттырады. Субъективті тәсіл, керісінше, мәміленің даулы сипатын дәлелдеу процесін қиындатады және соттың мәмілені жарамсыз деп тану ықтималдығын төмендетеді». К. Б. Кораев борышкердің мәмілелерін жарамсыз деп танудың оңтайлы негізі объективті және субъективті тәсілдің үйлесімі екенін айтады [10; 72-73].

Сонымен жоғарыда қарастырып өткен екі теорияға қатысты объективтілік бұл шарттың бағасы, жасалған мерзімі және мәміленің өзге де шарттарына қатысты болса, субъективтілік - мәміленің кредиторға зиян келтіруіне бағытталғандығында деп қорытындылауға болады. Әдебиеттердегі объективті және субъективті теорияны үйлестіріп бірге қолдану керек деген пікір орынды деп ойлаймыз. Бұл жағдай банкроттық рәсімі енгізілген жағдайда борышкердің кредиторлары мен оның контрагенттерінің мәмілелерінің барынша қорғалуына кепілдік беруге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының «Оңалту және банкроттық туралы» заңында мәміле жарамсыз деп танылған кезде, егер мәміле жарамсыздығының өзге де салдарлары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделмесе, жауапкер мәміле бойынша алынғандардың барлығын қайтаруға, заттай қайтару мүмкін болмаған кезде – қайтарылуға жататын мүлік құнын, мүлікті пайдаланудың, орындалған жұмыстардың немесе көрсетілген қызметтердің құнын ақшалай өтеуге міндетті делінеді. Мүлікті қайтару мүмкін болмаған кезде немесе мүлік оның жоғалуына, бүлінуіне не оны кейіннен үшінші тұлғалардың адал жолмен сатып алуына байланысты өтеусіз берілген кезде, талап етілетін мүліктің бастапқы сатып алушылары жоғалған, бүлінген не үшінші тұлғалар адал жолмен сатып алған мүліктің құны шегінде осыған байланысты туындаған залалдың орнын толтыру бойынша борышкер алдында жауаптылықта болады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде мәмілені жарамсыз деп тану үшін екі тараптың да жосықсыздығы көзделген, бірақ бұл ретте адал сатып алушы ұғымына жол берілген. «Оңалту және банкроттық туралы» Заңға сәйкес сатып алушының адалдығы маңызды емес. Сондықтан да бұл мән-жайдың Жоғарғы Соттың Нормативтік Қаулысында түсіндіруді талап ететіндігі аталып өтті [11].

Қазіргі таңда оңалту және банкроттық шеңберіндегі мәмілелерді жарамсыз деп тану мәселелерін реттейтін нормативтік-құқықтық актінің болуына қарамастан, бұл институт өзінің қалыптасу процесінде, оның құқықтық режимін заң шығарушы толық анықтамайды. Мәмілені жарамсыз деп танудың арнайы негіздері бекітілуіне қарамастан оның жарамсыздығының салдарын борышкердің адал контрагенттері үшін қолданудың салдары туралы маңызды мәселе туындайды. Өйткені, банкроттық рәсімдерін жүргізу барысында борышкердің алдағы банкроттығы туралы ештеңе білмейтін адал контрагентпен жасалған мәмілеге жарамсыз деп танылуы мүмкін. Мұның барлығы шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы байланыстың құрылуына, өзгеруіне және тоқтатылуына және ауыр әлеуметтік-экономикалық зардаптардың қалыптасуына әкеледі. Аталған мәселе банкроттық рәсімдерінде борышкердің мәмілелеріне дау айтуды құқықтық реттеу аспектілеріне, олардың мәмілелерді жарамсыз деп танудың жалпы азаматтық нормаларымен ара-қатынасына және мұндай мәмілелердің жарамсыздығының салдарын қолдануға кешенді зерттеу жүргізуді қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/Z1400000176/30.12.2022>
2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Оңалту және банкроттық туралы заңнаманы қолдану практикасы туралы» № 5 нормативтік қаулысы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P150000005S>
3. Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000178>

4. Рыков Д.А. Недействительность сделок должника в деле о банкротстве: гражданско-правовые аспекты.

5. Сушкова О.В. Правовые проблемы оспаривания подозрительных сделок в процедурах банкротства: теоретический и практический аспект // Современные проблемы гражданского права: Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 70-летию юбилею к.ю.н., ведущего научного сотрудника НИИ частного права Каспийского университета Мукашевой К.В. -А, 2019. – 490 с.

6. Прохорский С.В. Паулианов иск как основной способ защиты прав требования конкурсных кредиторов // Юрист. 1999. №1 С. 23

7. Циндяйкина А. Э. Правовое регулирование конкурсного оспаривания сделок должника при несостоятельности (банкротстве) : дис. ... канд. юрид. наук : 12.00.03. М., 2012. С. 167.

8. https://zakon.ru/discussion/2022/02/09/edinstvennoe_zhile_vernut_v_konkursnyu_mass_u_vmeste_s_zhilcami_dazhe_esli_oni_nedobrosovestny_resh

9. https://zakon.ru/blog/2019/12/20/osparivanie_sdelok_pri_bankrotstve%C2%A0konferenciya

10. Кораев К.Б. Правовое положение неплатежеспособного должника. СПб. : Астирион, 2016. С. 72-73

11. <https://sud.gov.kz/rus/content/obzory-sudebnoy-praktiki>

ЦИФРОВИЗАЦИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НОТАРИАТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Мамалинов Ж. А., магистрант 2 курса Высшей школы права Международного университета Астана, г.Астана

Цифровые технологии занимают важную роль в современной жизни. Они все больше находят применение и в правовой сфере. В статье исследуются вопросы использования цифровых технологий в нотариальном процессе и направления реформирования действующего законодательства в этой сфере. Автор обосновывает необходимость и положительные аспекты внедрения и нормативного закрепления электронного нотариата в Казахстане на уровне закона. Акцентировано внимание на необходимости дальнейшей модернизации казахстанского нотариата и соответствия его зарубежным стандартам. Сделан вывод, что надлежащее правовое регулирование функционирования электронного нотариата позволит обеспечить реализацию, по новым, адаптированным к современным условиям правилам, общих целей института нотариата, таких как: улучшение качества нотариального обслуживания населения; ускорение процедуры совершения нотариальных действий и, как следствие, увеличение их количества; рост эффективности функционирования института нотариата на основе единого реестра нотариальных действий; рост уровня защиты прав и законных интересов лиц от мошеннических действий.

В сегодняшних условиях Казахстан движется по пути реформирования процесса создания государства, внедрения новых форм и методов административно-правового регулирования отношений публичного характера, совершенствования процедуры предоставления административных услуг, направленных на реализацию идеалов правового государства. Указанные меры должны способствовать надлежащей реализации прав и свобод граждан и обеспечить возможность осуществлять их защиту и охрану от нарушений со стороны как самого государства, так и других участников общественных правоотношений. Среди начатых государством реформ ведущее место занимает цифровизация Казахстана, поскольку мы стремимся придерживаться мировой тенденции диджитал-трансформации.